- Горизонтальний обмежувальний упор розміщений у верхній точці основи, а вертикальний обмежувальний упор – під кришкою стрічки.



Верхний ограничительный упор; шестигранный ключ 5 мм

Рис. 9

Послабити болт для нахилу стрічково-шліфувального вузла.

8.5 Регульований кут столу

Див. рис. 10

- Стіл використовується для встановлення оброблюваного елемента при шліфуванні стрічкою, коли стрічкова конструкція знаходиться у вертикальному положенні;
- Для регулювання кута столу слід послабити рукоятку, нахилити стіл у необхідне положення та потім закріпити його за допомогою рукоятки.




Рис. 10

Стіл нахилений униз на 45°

8.6 Горизонтальне шліфування стрічкою з використанням заднього упору

Див. рис. 11

- Задній упор утримує оброблюваний елемент при шліфуванні стрічкою, коли стрічковий механізм знаходиться у горизонтальному положенні.
- Зняти стіл та фіксатор із стрічкового механізму;
- Перевести стрічковий механізм із вертикального положення в горизонтальне та закріпити.
- Встановити задній упор на стрічковий механізм, використовуючи два болти;
- Напрямний барабан може бути використаний у якості контактної барабана із шліфувальною поверхнею.




Рис. 11

Кріплення заднього упору

8.7 Шліфування абразивною стрічкою

Полірування рівних поверхонь:

- міцно утримуючи оброблюваний елемент; тримати пальці на безпечній відстані від абразивної стрічки;
- Використовувати стіл для розміщення та закріплення оброблюваного елемента.
- Розмістити оброблюваний елемент таким чином, аби край прилягав до столу, та пересувати його рівномірно по абразивній стрічці;

Полірування довгих частин:

- використовувати стрічку у горизонтальному положенні із заднім упором.
- Тиснути із силою, достатньою тільки

для того, аби дозволити абразивній стрічці шліфувати матеріал;

- Використовувати задній упор для розміщення та закріплення шліфованого елемента.
- Розташувати оброблюваний елемент таким чином, аби край прилягав до заднього упору, та пересувати рівномірно по абразивній стрічці.
- Шліфування дуже тонких поверхонь потребує особливої уваги.
- Шліфування зігнутих країв: шліфувати зовнішній край слід на рівній частині абразивної стрічки;

Шліфування торців:

- найбільш зручно шліфувати краї довгих оброблюваних елементів за допомогою абразивної стрічки у вертикальному положенні.
- Розташувати стіл на боці стрічки шліфувально-стрічкового верстату.
- Рівномірно пересувати оброблюваний елемент по абразивній стрічці.
- Для точності слід використовувати кутовий упор. Для скошених оброблюваних елементів можна нахилити стіл.

8.8 Шліфування абразивним кругом

- Шліфування абразивним кругом добре підходить для обробки невеликих рівних поверхонь та опуклих країв.
- Пересувати оброблюваний елемент по нижній стороні (вліво) абразивного диска.
- Міцно утримувати оброблюваний елемент обома руками. Тримати руки на безпечній відстані від абразивного круга.
- Абразивний круг обертається з максимальною швидкістю та видаляє більшу кількість матеріалу з боку зовнішньої кромки.
- Для точності слід використовувати кутовий упор.

8.9 Використання кутового упору

Див. рис. 12

- Використовувати кутовий упор для кріплення оброблюваного елемента та забезпечення правильного кута під час шліфування.
- Використовувати комбінований косинець для встановлення кутового упору на стрічці (кругу).
- Показчик повинний бути на нульовій відмітці. За необхідністю слід послабити гвинт та пересунути показчик.
- Після встановлення кутового упору на стрічці (кругу) встановити потрібний кут за допомогою пересування шкали кутового упору та її фіксування на місці за допомогою гайки.




Рис. 12
Встановлення кутового упору

8.10 Заміна абразивної стрічки

Див. рис. 13

- Шліфувальна стрічка підлягає заміні, коли вона зношена, пошматована або засалена.
- Зняти конструкцію столу.
- Зняти покажчик, потім посунути кришку уверх та витягнути із дефлектора пилу.
- Послабити натягнення стрічки, пересуваючи натяжний важіль у напрямку напрямного барабану.
- Здвинути стару стрічку з приводного та напрямного барабанів.



Примітка

- На внутрішньому боці стрічки може матися стрілка.
- Дана стрічка повинна вказувати напрямок руху стрічки для запобігання розриву стрічки у місцях склеювання.




Рис. 13
Заміна стрічки

- Протягнути нову стрічку через провідний та напрямний барабани. Розташувати стрічку у центрі барабанів.
- Доступні додаткові абразивні стрічки (див. «Рекомендоване приладдя»).
- Повернути натяжний важіль у напрямку приводного барабану для натягнення стрічки.
- Перевірити хід стрічки. Див. «Регулювання ходу стрічки».
- Провести складання компонентів у зворотному порядку.

8.11 Заміна абразивного круга

Див. рис. 14

- Зняти стіл.
- Зняти кришку круга, послабивши та вийнявши чотири гвинти.
- Зняти старий круг з алюмінієвого диска. Обрати потрібний абразивний круг та прикріпити його до алюмінієвого диску.
- Доступні додаткові абразивні круги (Див. «приладдя»).
- Зняти кришку круга.



Рис. 14
Зняття кришки для заміни круга

9. Технічне обслуговування



Попередження!

- Необхідно переконатися в тому, що пристрій відключений від джерела електроживлення перед початком проведення обслуговування або заміною будь-яких компонентів.

Чищення

- Необхідно тримати верстат та майстерню в чистоті.
- Не допускати накопичення шліфувального пилу на поверхні інструменту.
- Підтримувати чистоту барабанів.
- Бруд на барабанах може призвести до поганого ходу та ковзання стрічки.
- Слід періодично спустошувати пилозбірник.
- Необхідно впевнитися, що електродвигун утримується в чистоті та часто чиститься пилососом для видалення пилу.
- Слід використовувати мило та воду для чищення пофарбованих компонентів, гумових компонентів та захисних застосувань із пластику

Змазка

- Кулькові підшипники із захисними шайбами змащуються на заводі-виробнику на весь термін служби.
- Вони не потребують подальшого змащування.

- Коли здається, що робота іде важко, тонкий шар воску, нанесеного на стіл, полегшить проведення операцій при шліфуванні.
- Забороняється наносити віск на стіл стрічки. Стрічка може почати збирати віск та накопичувати його на колесах, тим самим приводячи до прослизання.

Ремонт

- Якщо силовий кабель зношений, пошматований або пошкоджений, його необхідно негайно відправити у ремонт.
- Замінювати зношені абразивні компоненти за мірою необхідності.
- Замінювати усі пошкоджені або встановлювати відсутні компоненти. Для замовлення компонентів слід використовувати список деталей.
- Будь-яка спроба ремонту двигуна може призвести до виникнення небезпечної ситуації, якщо ремонт не виконується кваліфікованим технічним фахівцем.

10. Приладдя, що постачається

- Повний асортимент приладдя дивіться на сайті www.jettools.ru або у каталозі.

11. Устранение неисправностей

НЕСПРАВНІСТЬ	ЙМОВІРНА ПРИЧИНА	ДІЯ ПО ВИПРАВЛЕННЮ
Двигун не запускається	Низька напруга	Перевірити наявність необхідної напруги у силовому шнурі
	Розімкнуте з'єднання у двигуні або нещільне з'єднання	Перевірити усі з'єднання виводів на двигуні на наявність послаблення або розімкнутого з'єднання
	Несправний вимикач Несправний конденсатор	Замінити вимикач Замінити конденсатор
Двигун не запускається; вибиваються запобіжники або спрацьовують розмикачі ланцюга	Коротке замкнення у мережевому шнурі або штепсельній вилці	Перевірити шнур або штепсельну вилку на наявність пошкодженої ізоляції та замкнутих дротів
	Коротке замкнення у двигуні або послаблені з'єднання	Перевірити усі з'єднання виводів на двигуні на наявність послаблення або замкнутих виводів, або зносу ізоляції дротів
	Невірно підібрані запобіжники або розмикачі ланцюга для силової лінії	Встановити відповідні запобіжники або розмикачі ланцюга
Двигун не може набрати повну потужність (вихідна потужність двигуна різко знижується поряд із зниженням напруги на клеммах двигуна)	Силова лінія перевантажена лампами, приборами та іншими двигунами	Зменшити навантаження на силову лінію
	Використовуються дроти недостатнього розміру або ланцюг занадто довгий	Збільшити розмір дротів або зменшити довжину проводки
	Загальне перевантаження виробничих об'єктів компанії-виробника електроенергії	Запросити проведення перевірки напруги компанією-виробником електроенергії
Двигун перегрівається	Двигун перевантажений	Зменшити навантаження на двигун
Двигун заїдає, що призводить до вибивання запобіжників або замкненню розмикачів ланцюга	Коротке замкнення у двигуні або послаблені з'єднання	Перевірити з'єднання на двигуні на наявність послаблення, замкнення виводів, знос ізоляції або вивідних дротів
	Низька напруга	Усунути низьку напругу в лінії
	Невірно підібрані запобіжники або розмикачі ланцюга для силової лінії	Встановити відповідні запобіжники або розмикачі ланцюга
	Двигун перевантажений	Зменшити навантаження на двигун
Робота машини сповільнюється при експлуатації	Занадто сильний тиск на оброблюваний елемент	Зменшити тиск
Абразивна стрічка зісковзує з верхнього колеса	Невірний хід	Див. процедуру «Регулювання ходу стрічки»

Құрметті сатып алушы!

JET маркалы станокты сатып алып, бізге сенім артқаныңыз үшін рахмет! Осы нұсқаулықты құрған кезде станокты тез игеру және қауіпсіздік жұмысты қамтамасыз ету мүмкіндігіне ерекше назар салынды. Нұсқаулықты зерделеу мен сақтауға орай, нұсқаулар қатарына назар салыңызшы.

- Станокты толық пайдалануға алу алдында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларға ерекше назар салып, осы нұсқаулықты ұқыпты оқыңыз.
- Бұл нұсқаулық базалық техникалық білімі мен сипатталған станокқа ұқсас жабдықты ұстау машықтары бар адамдарға есептелген. Егер осындай жабдықта ешқашан істемесеңіз, осындай тәжірибесі бар адамдардан көмек сұрауыңыз керек.
- Станокпен бірге жеткізілетін барлық құжаттаманы сақтап қойыңыз, ол қайтадан іске жарау мүмкін. Кепілдік наразылықты ықтимал білдіру үшін чекті де сақтаңыз (сатып алу түбіртегін).
- Станокты қайта сату жағдайында немесе оны жалдауға берген кезде жеткізу көлеміне кірген барлық құжаттамамен бірге беріңіз.
- Өндіруші пайдалану бойынша нұсқаулықта келтірілген нұсқаулар сақталмаған кезде пайда болған кез-келген зиянға жауапты емес.

Мазмұны

1. Жалпы нұсқаулар
 2. Техникалық сипаттамалары
 3. Жеткізілетін заттар жиынтығы
 4. Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқаулар
 5. Қораптан алу
 6. Құру
 7. Орнату
 8. Іске қосу
 9. Техникалық қызмет көрсету
 10. Жеткізілетін керек-жарақтар
 11. Ақауларды жою
- Бөлшектер**
Электросхема

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:



Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту



Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет



Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз



1. Жалпы ережелер

- Осы ажарлау станогы ағаш және оның орнын басатын заттардан жасалған бұйымдарды ажарлауға арналған.
- Басқа материалдарды өңдеуге жол берілмейді немесе кейбір жағдайларда бұны тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік бойынша талаптар мен мемлекеттік ережелерге қосымша, ағаш өңдейтін станоктармен жұмысқа қатысты қабылданған жалпы ережелермен де танысқан жөн.
- Қолдану кезіндегі осы ережелерден әрбір ауытқушылық дұрыс емес қолдану болып саналады және осының нәтижесінен болған зардаптар үшін сатушы жауап бермейді.
- Станокта ешқандай да техникалық өзгертулер жасауға болмайды.
- Жауапкершілік тек қолданушының мойнына жүктеледі.
- Станокты тек техникалық дұрыс жағдайында қолданған жөн.
- Қорғаныс автоматынан немесе электр желісінен станокқа дейінгі жалғаушы кабель (немесе ұзартқыш) 3x1,5 м² кем болмауы керек. (мыстан жасалған үш желілі, әр желінің қимасы 1,5 м² кем емес)
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Егер сіз станокты қорабынан алған кезде тасымалдау уақытында болған қандай да бір ақауды көрсеңіз, бұл туралы өз сатушыңызға жедел хабарлаңыз.
- Станокты іске қоспаңыз!

2. Техникалық сипаттамасы

Қолданылатын қуат	0,4 кВт
Ажарлау дискісінің айналыс жиілігі	1800 айн./мин
Ажарлау дискісінің диаметрі	152мм
Үстел көлбеуінің ауқымы	0-45°
Үстел өлшемдері	177x137мм
Ажарлау лентасы	100x914 мм
Ажарлау лентасының жылдамдығы	5,8 м/сек

Тартқыш штуцер
Габаритті өлшемдер (ДхШхВ)
Салмағы

Ø55 мм
525x330x390мм
19кг

3. Жеткізілетін заттар жиынтығы

1. Түрпілі лента
2. Шеткі дискіге арналған ажарлау дөңгелегі
3. Ажарлау үстелі
4. Бұрыш астында ажарлауға арналған тірек
5. Монтаждауға арналған құрал
6. Қолдану бойынша нұсқаулық
7. Бөлшектер тізімі



Ескерту

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Өндіруші станоктар құрылымына өзгерістер енгізуге құқылы, бұл оның техникалық сипаттамаларына, оның стандартты жиынтығына, қосымша заттары мен сыртқы түрінің өзгеруіне алып келеді.
- Құрылғыны баптау, реттеу, орнату және техникалық қызмет көрсетуді сатып алушы жүргізеді.

4. Қауіпсіздік ережелері

- Осы дискілі-ленталы ажарлау станогы тек қана ағаш және оның орнын басатын заттардан жасалған бұйымдарды ажарлауға арналған. Басқа материалдарды өңдеуге жол берілмейді немесе кейбір жағдайларда бұны тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Станокты дұрыс пайдалану үшін осы нұсқаулықта өндіруші көрсеткен қолдану бойынша талаптар және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтау қажет.
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Станокты пайдалануға белгіленген жас мөлшерінен кіші тұлғалар жіберілмейді.
- Осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік бойынша талаптар мен мемлекеттік ережелерге қосымша, ағаш өңдейтін станоктармен жұмысқа қатысты қабылданған жалпы ережелермен де танысқан жөн.
- Жоғарыда көрсетілген ережелердің шегінен шығатын қолданыс оларға сәйкес келмейтін болып табылады және осының қолдану нәтижесінде болатын зардаптар үшін өндіруші жауапкершіліктен бас тартады және оны тек қана тұтынушыға береді.

- Ағаш кесетін станоктарды кәсіби білікпен қолданбаса қандай да бір қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан оларды сенімді түрде қолдану үшін тиісті қауіпсіздік техникасының ережелері мен келесі ережелерді сақтау қажет.
- Станокты құру мен жұмыс істемес бұрын нұсқаулықтың мазмұнын оқып шығып, оны түсініп алыңыз.
- Нұсқаулықты ылғал мен ластан қорғалған жерде станоктың қасында сақтаңыз және келесі тұтынушыға беріңіз.
- Станокта қандай да бір өзгертулер жасауға және оған қандай да бір құрылғыларды ілуге немесе бабын бұзуға болмайды.
- Станокпен жұмыс жасамас бұрын күн сайын қорғаныш тетіктер мен олардың қызметін тексеріңіз.
- Табылған ақаулар жайында тиісті тұлғаларға хабарлау және солардың көмегімен ақауды түзету керек. Одан басқа жағдайларда станокпен жұмыс істеуге тыйым салынады, оны электр желісінен суырып тастаңыз.
- Жұмыс кезінде шашыңыз кедергі келтірмеуі үшін тор немесе бас киім киіп алыңыз.
- Жабысып тұратын киім киген дұрыс және жұмыс алдында барлық әшекейлер, сақина мен қолсағаттарды шешкен жөн.
- Қауіпсіз аяқ киім киіңіз. Демалысқа арналған және жеңіл аяқ киім киюге тыйым салынады.
- Нұсқаулықта талап етілген жеке қорғаныс құралдарын қолданған жөн.
- Станокпен жұмыс істеу кезінде қолғап киюге тыйым салынады.
- Станокпен жұмыс істеу барысында қорғаныс көзілдіріктерін қолдану керек.
- Станокты қызмет көрсету мен материалды енгізуге орын жеткілікті болатындай етіп орнату керек.
- Жұмыс аймағын дұрыс жарықтандырыңыз.
- Станок ұшып кетуден сақталған және үстелдің қатты және тегіс бетінде мықты орнатылуын қадағалаңыз.
- Электр желісі жұмыс процессіне кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.
- Жұмыс аймағында керек емес дайындамалар және т.б. жатпағаны абзал.
- Жұмыс істеп тұрған станоктың қандай да бөлігін ешқашан ұстап алуға тырыспау керек.
- Мұқият әрі жұмысыңызды ғана ойлап тұрыңыз. Ұқыпты болыңыз.
- Егер сіз ішімдік немесе дәрі қабылдаған болсаңыз, станокта жұмыс істемеңіз. Дәрілердің сіздің мінез құлқыңызға әсер ететінін есте сақтаңыз.

- Жұмыс аймағынан балалар мен бөтен адамдарды алшақ ұстаңыз.
- Қосулы станокты қараусыз қалдырмаңыз. Жұмыс аймағынан кетер алдында оны үнемі сөндіріп кетіңіз.
- Станокты тұтанғыш сұйықтық пен газ жанында қолданбаңыз. Өрт туралы хабарлама мен өрт сөндіру әдістерімен танысыңыз, өрт сөндіргіш құралдың орны мен жұмыс істеу қағидаларын зерделеніз.
- Станокты ылғалды ортада және жаңбырдың астында пайдаланбаңыз.
- Өңдеу алдында дайындамадан шегелер мен басқа да заттарды алып тастаңыз.
- Әрдайым жақсы қайралған құралмен жұмыс істеңіз.
- Дайындама үстел үстінде еш қауіп төндірмейтіндей боп орналасуы керек.
- Бұрғылау қысқыларының қақпақтары ашық тұрған кезде ешқашан жұмыс жасамаңыз.
- Дайындаманың ең үлкен және ең кіші өлшемдерін ұстап тұрған жөн.
- Қиқым, ағаш қоқымдары мен дайындама бөлігін тек станокты сөндіріп барып алып тастаңыз.
- Станотың үстіне аяқпен шықпаңыз.
- Электр құрылғысын қосу және жөндеу тек білікті электриктермен жасалуы тиіс.
- Зақымдалған ұзартқышты дереу ауыстыру керек.
- Орнату, монтаждау және тазарту бойынша барлық жұмыстар тек станок электр желісінен ажыратылғаннан кейін іске асырылуы керек.



4.1 Назар аударыңыз: қауіп


- Станокты ережелерге сай қолданған күннің өзінде кейбір қауіптер сақталады.
- Ротационды бұрғымен жарақаттану қаупі.
- Ұшып кеткен дайындамалардан жарақаттану қаупі
- Шу мен пайда болатын шаңның қаупі.
- Міндетті түрде жеке қорғаныс құралдарымен қамтылған жөн, мысалы қорғаныс көзілдірігі, естуді қорғау құралдары, шаңнан қорғайтын тетіктер секілді жеке қорғаныс заттарын пайдаланыңыз. Сәйкес тартқышты орнату қажет.
- Электр желісіне дұрыс қосылмау мен зақымдалған сым тоқ соғу зардабына әкелуі мүмкін.

5. Қораптан алып шығу

1-суретті қараңыз.

- Тасымалдау кезінде зақымдануы мүмкін бұйымдарды мұқият тексеріңіз.
- Ақаулар табылған жағдайда шағымдарды жеткізіп берген компанияға түсірген жөн.
- Жиынтық толықтығын тексеру керек. Жетпей тұрған компоненттер жайлы сатушыға айту керек.
- Станок жиналған күйінде жеткізіліп беріледі. Ажарлау станогымен бірге жеткізілетін қосымша компоненттер бір жерде жатуы керек және олар құру алдында ескерілуі тиіс:

- A - Тарелкалы-ленталы ажарлау станогы
- B - Жиынтықтағы бұрыштық тірек
- C - Артқы тірек
- D - Үстел
- E - Штифт
- F - Тығырығы бар тұтқасап.



Сур. 1
Суретте келесі компоненттер көрсетілмеген:

- Ажарлау дискісі,
- тұтқасап (2),
- аяқша (4),
- орнатқыш кронштейн (4),
- ішкі алты қырымен бірге бұрандама M6x16 (2),
- алты қырлы басы бар бұрандама M6x16 (4),
- бөгеткіш тығырық M6 (2),
- жалпақ тығырық M6 (6),
- алты қырлы сомын M6(4),
- алты қырлы кілт 3 және 5 мм және сомын кілті 13 мм

6. Құру

2-суретті қараңыз



Назар аударыңыз!

- Кейбір компоненттер жетіспеген кезде құрылғыны жинауға тыйым салынады.
- Компоненттерді ауыстыру үшін осы нұсқаулықты қолдану керек.



Ескертпе!

- Толық жиналып болмайынша станокты қолдануға тыйым салынады.
- Осы нұсқаулық толық оқылып,

зерделенбейінше станокты қолдануға тыйым салынады.

Қажетті құралдар

Ленталы ажарлау станогының лентасы немесе дөңгелегін құрастыру мен реттеу кезінде келесі құралдар қажет болады:

- Сомын кілті 13 мм
- Алты қырлы кілттер 3 және 5 мм
- Сынау бұрыштығы
- Крест тәріздес бұрағыш


6.1 Тарелка лента тәріздес ажарлау станогын құру

2 және 3 суреттерді қараңыз

- Тарелка лента тәріздес ажарлау станогын қою үшін қолайлы орын таңдау.
- Ол жеткілікті түрде жарық әрі электр желісі келетін орында орнатылуы тиіс.

Станокты орнату үшін:


- Оны қатты әрі тегіс бетке болттармен бекіту керек.
- Өңделетін бөлшекті жылжыту үшін жеткілікті кеңістікті қамтамасыз ету қажет.
- Осы станокты қолданған кезде не оператор не жанында тұрған басқа тұлғалар өңделіп жатқан бөлшекпен бір сызық бойында тұрып қалмайтындай етіп кеңістікпен қамтамасыз ету қажет.
- Станокта лентаны көлденең орналастыра алатындай етіп кеңістікті ойластыру қажет.
- Тарелка лента тәріздес ажарлау станогы негіздемесінің әр бұрышында аяқшаларын орнату қажет.
- Тарелка лента тәріздес ажарлау станогы оператордың жұмыс орнында немесе құралдарға арналған стеллажда бұрандамалар, бөгеткіш тығырықтар, алты қырлы сомындар және орнату кронштейндерінің көмегімен орнатыла алады. (Ұсынылатын жабдықтарды қараңыз)



Сур. 2

- Орнату кронштейндерін станок негіздемесіндегі ойықтарға қою керек.
- 3-суретте негіздеме өлшемдері,

бекіту ойықтары, үстел және лента құрылымын көлденең орналастыру үшін қажетті кеңістік көрсетілген




Сур. 3

Негіздеме өлшемі және қажетті кеңістік

6.2 Ажарлау шеңберін бекіту

4-суретті қараңыз

- Шеңбер қақпағын бұрандаларды босатып шешіп алғасын алып тастау.
- Ажарлау шеңберінің артқы жағындағы қорғаныс қабыршығын алып тастау.
- Біртегіс әрі қаттырақ қысым түсіру арқылы ажарлау шеңберін алюминий дискісіне орталықтандыру.
- Шеңбердің қақпағын қайта орнату.



Сур. 4

- Қақпақты ашып ажарлау шеңберін бекіту

6.3 Үстелді бекіту

5 және 6 суреттерді қараңыз.

- Жиынтықпен бірге жеткізілетін үстел шеңбермен де, лентамен де бірге қолданылады.

Үстелді шеңбермен бірге қолдану үшін:

- Үстелді шеңбердің қорғаныс қоршауына қойып, тұтқалардың көмегімен бекіту керек.
- Шеңбер арқылы өтетін бөгеткіш тұтқасапты қорғаныс қоршауына бұрап бекіту.
- Сынау бұрыштығын қолдану арқылы үстелді шеңберге перпендикуляр орна-

тып, осы қалпында бекіту.

- Қажет болған жағдайда көрсеткішті 0° қа қою.



Сур. 5

Үстелді шеңбермен бірге қолдану

Үстелді ленталық тораппен қолдану үшін қажет:

- Белгілегішті ленталық механизм корпусына бұрап бекіту.
- Үстелді бекіткіш пен ұстағыш үстіне орналастыру.
- Үстелді екі тұтқаның көмегімен бекіту.
- Үстел арқылы өтетін бөгеткіш тұтқасапты ұстағышқа бұрап бекіту.
- Сынау бұрыштығын сызғышпен бірге пайдалану арқылы үстелді лентаға перпендикуляр орнатып, оны осы қалпында бекіту қажет.
- Қажет болған жағдайда көрсеткішті 0° қа қою керек.



Сур. 6

Үстелді ленталық тораппен бірге пайдалану

7. Орнату



Ескертпе!

- Тарелка лента тәріздес станокты құрастыру жұмыстары толық аяқталмайынша электр желісіне қосуға болмайды.
- Электр қозғалтқыш тақтайшада жазылған кернеу мен жиілікке сай қолдану үшін жасалған.
- Көрсетілген мәннен кернеу он пайыздан аспайтын мөлшерде ауытқыса жүк түсіруге жол беріледі.
- Белгіленген мөлшерлерден

асқан кернеуінде іске қосу электр қозғалтқышының қызып кетуі мен жануына алып келуі мүмкін.

- Өте үлкен жүктемелер кезінде қозғалтқыш клеммаларындағы кернеу паспорт мәліметтері жазылған тақтайшада көрсетілген кернеуден аз болғаны дұрыс

8. Іске қосу

Сипаттама

- Лента мен шеңбер ажарлау, қылауларды алу, ағаш пен пластиктен жасалған үлкен өңделетін бөлшектерді ұштау мен тегістеуге арналған.
- Үлкен тік өңделетін бөлшекті ажарлау үшін лента корпусын тік қалпынан көлденең қалпына қоюға болады.
- Бағыттаушы барабан контурлы пішіндер мен беткі қабаттардың жабындарын ажарлауға мүмкіндік береді.
- Шеңбер беттердегі қылауларды алу немесе ажарлау үшін қолданылуы мүмкін.
- Тарелка лента тәріздес ажарлау станогының лента мен шеңбер бетіндегі шаңнан құтылатын 50 мм штуцер ойығы бар.
- Реттелетін бұрыштық тірек ажарлау кезінде өңделетін элементтің бөліктерін қажетті бұрышқа орнату үшін жұмыс үстелінің үстінде пайдаланылады.
- Артқы тірек лентада ұзын бөлшектерді ажарлау үшін станок жеткізілетін жиынтық құрамына кіреді.

8.1 Қауіпсіздік шаралары

- Ажарлау станогының кез келген шығыс құралдарын ауыстыру немесе реттеу кезінде қосу-сөндіру тетігін «OFF» жағдайына қойып, штепсель ашасын розеткадан суыру керек.
- Үстелдің тұтқасабы мен бұрандамаларын қайталап тексеру керек. Олар қатты тартылған болуы керек.
- Барлық қорғаныс жабдықтарының сенімді орнатылып бекітілгеніне көз жеткізу керек.
- Қозғалмалы элементтердің барлығы еш кедергісіз еркін қозғалатынына көз жеткізу керек.
- Барлық бекіткіш элементтер қатты тартылғанына және дірілдейтін еркін қадамдары жоғына көз жеткізу керек.
- Электр желісінен ажыратылған кезде кедергі келтіретін заттарды қолмен тексеріп, қажет болса тиісті реттеу жұмыстарын жүргізу керек.
- Көз бен бетті қорғайтын құралдарды үнемі қолданыңыз.
- Ажарлау лентасының дұрыс бағытта айналатынына көз жеткізіңіз.

- Дұрыс орналасу тиімді өнімділікті қамтамасыз етеді.
- Қосу/сөндіру тетігін «ON» қалпына келтірген соң әрқашан ажарлау немесе тазалау жұмыстарын бастамас бұрын жылдамдықтың толық болуын күтіңіз.
- Шеңбердің сағат тіліне қарсы айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Ажарлау лентасы төмен қарай қозғалуы керек.
- Ажарлау кезінде нұсқағыш жебешенің бағытын сақтай отырып кері беруден сақ болыңыз.
- Ажарлау лентасы, шеңбер және барлық қозғалмалы компоненттерді қолмен ұстамаңыз.
- Тиімді өнімділікке қол жеткізу үшін қозғалтқышты тежемеңіз және жылдамдықты баяулатпаңыз.
- Ажарлау кезінде өңделіп жатқан элементке қысым түсірмеңіз.
- Лентамен ажарлау кезінде артқы тірекпен немесе шеңбермен ажарлау кезінде үстелмен үстел үстіндегі өңделіп жатқан элементті ұстап тұрыңыз.
- Өңделіп жатқан элементтің қайралған ұшын еш уақытта шеңбер не лентаға оқыс итеріп қалмаңыз.
- Ажарланатын мата жыртылып кетуі мүмкін.
- Ажарлау элементтері ласталған, не тозған болса, оларды ауыстырыңыз.

8.2 Сөндіру тетігі


7-суретті қараңыз.

- Сөндіру тетігі негіздеменің жоғарғы алдыңғы оң бөлігінде орналасқан. Қосу үшін сөндіру тетігін жоғары жылжыту керек.
- Сөндіру үшін сөндіру тетігін төмен жылжыту керек.
- Тарелка лента тәріздес ажарлау станогы сөндіру тетігін бұғаттау арқылы заңсыз қолданудан қорғала алады. Бұғаттау үшін қажет:
- Сөндіру тетігін «OFF» жағдайына келтіріп, тарелка лента тәріздес станокты электр желісінен ажырату қажет.
- Түймені алып шығыңыз. Егер осы түйме алынып тасталса, сөндіру тетігі «ON» жағдайына жылжи алмайды.



Ескертпе

- Егер түйме сөндіру тетігі «ON» жағдайында болған кезде шешіліп алынса, сөндіру тетігін сөндіруге болады, бірақ одан кейін қайта қосу мүмкін емес.
- Түймені орнына орнату үшін оны сөндіру тетігінің ойығына ол сырт еткенше дейін қаттырақ басып орнату керек.



Сур. 7
«OFF» жағдайында сөндіру тетігін бұғаттау

8.3 Лента жүрісін реттеу

8 суретті қараңыз.

- Жүрісті тексеру үшін жылдам қосып сөндіру қажет.
- Лента байқау және бағыттау барабандарының ортасында болуы керек.
- Қажет болғанынша, лентаны барабандар ортасына орналастыру үшін жүріс сомынын реттеу қажет.
- Егер лента солға қарай қисайса жүріс сомынын оңға бұру қажет. Ал керісінше жағдайда жүріс сомынын солға бұрған жөн.



Сур. 8
Лента жүрісін реттеу

- Станокты шапшаң қосу және сөндіру қажет.
- Егер лента бір жағына қарай қисайса қажетінше лентаны барабан ортасына орналастыру үшін жүріс сомынын реттеуді жалғастыра беру қажет.

8.4 Ленталық механизм орналасуын реттеу

9 суретті қараңыз


- Ленталық механизм көлденең не тік жағдайда болуы мүмкін, немесе осы жағдайлардың кез келген бұрышында орналасуы мүмкін.
- Топса кронштейніне бұралған ішкі алты қырлы кілтпен бұрандаманы босату керек.
- Конструкцияны талап етілетін жағдайға қисайту керек.

- Топса кронштейніне бұралған ішкі алты қырлы кілтпен бұрандаманы тарту арқылы ленталық механизмнің жағдайын бекіту.
- Реттелетін қатты тіректер көлденең және тік жағдайларға қарастырылған.



Ескертпе

- Көлденең шектегіш тірек негіздеменің жоғарғы нүктесінде орналасқан, ал тік шектегіш тірек лента қақпағының астында орналасқан.




Сур. 9
Ленталық ажарлау торабын қисайту үшін бұрандаманы босату.

8.5 Үстелдің реттелетін бұрышы

10 суретті қараңыз

- Үстел ленталық конструкция тік орналасқан кезде өңделетін элементті ленталық ажарлау кезінде орнату үшін пайдаланылады.
- Үстелді реттеу үшін тұтқасапты босату, үстелді қажетті жағдайға дейін қисайту және оны тұтқасаптың көмегімен бекіту қажет.




Сур. 10
Үстел төменге 45°қа қисайған

8.6 Артқы тіректі пайдалану арқылы ленталық көлденең ажарлау

11 суретті қараңыз.

- Ленталық механизм көлденең орналасқан кезде артқы тірек өңделетін элементті ленталық ажарлау кезінде ұстап тұрады.
- Үстел мен бекіткішті ленталық механизмнен алып тастау керек.
- Ленталық механизмді тік қалпынан көлденең қалпына келтіріп, бекіту қажет.

- Екі бұрандаманы қолдана отырып, артқы тіректі ленталық механизмге бекіту қажет.
- Бағыттаушы барабан ажарлау бетімен байланысатын барабан ретінде қолданыла алады.



Сур. 11
Артқы тіректі бекіту

8.7 Түрпілі ленталық ажарлау

Тегіс беттерді жылтырату:

- өңделетін элементті берік ұстап тұру арқылы, саусақтарды түрпілі лентадан қауіпсіз ара қашықтықта ұстау;
- Өңделетін элементті орналастыру мен бекіту үшін үстелді қолдану.
- Өңделетін элементтің шеті үстелге тиіп тұратындай етіп орналастырып, оны түрпілі лента бетімен жылжыту керек.

Ұзын бөліктерді жылтырату:

- Лентаны көлденең қалпында артқы тірекпен бірге қолдану керек. Түрпілі лента материалды ажарлай алатындай ғана етіп күшпен қысым түсірген жөн.
- Артқы тіректі ажарланатын элементті орналастыру мен бекіту үшін қолдану керек.
- Өңделетін элементті шеті артқы тірекке тиіп тұратындай етіп орналастыру керек, және оны түрпілі лента бойымен жылжыту керек. Өте нәзік беттерді ажарлау өте мұқият болуды талап етеді.
- Майысқан шеттерін ажарлау: сыртқы шеткі жақтарды түрпілі лентаның тегіс беттерінде жүргізген жөн.
- Ішкі шеткі жақтарды түрпілі лентаның бағыттаушы барабанында жүргізген жөн.

Шеттерін ажарлау:

- Ұзын өңделетін элементтерді тік қалпындағы түрпілі ленталық ажарлаған анағұрлым қолайлы.
- Тарелка лента тәріздес станоктың ленталық жағына үстелді орналастыру қажет.
- Өңделетін элементті түрпілі лента бойымен біртегіс етіп жылжыту керек.
- Нақтылық үшін бұрыштық тірек қолданған жөн.

- Кей кезде үстелді қисайтуға да болады.


8.8 Түрпілі шеңбермен ажарлау

- Түрпілі шеңбермен ажарлау кішігірім беттер мен шығыңқы шеттерді ажарлауға қолайлы.
- Өңделетін элементті түрпілі дискінің төменгі жағымен (солға қарай) жылжыту керек.
- Өңделетін элементті екі қолмен мықтап ұстау керек. Қолдарды түрпілі шеңберден қауіпсіз ара қашықтықта ұстап тұру қажет.
- Түрпілі шеңбер өте үлкен жылдамдықпен айналады және сыртқы жиек жақтан үлкен мөлшердегі материалды алып тастайды.
- Нақтылық үшін бұрыштық тіректі қолданған жөн.

8.9 Бұрыштық тіректі қолдану

12 суретті қараңыз

- Өңделетін элементті бекіту және ажарлау кезінде бұрышты дұрыс анықтау үшін бұрыштық тіректі қолдану керек.
- Лентада (шеңберде) бұрыштық тіректі орнату үшін аралас бұрыштықты қолдану керек.
- Нұсқағыш нөлдік белгіде болуы керек. Қажет болған жағдайда бұранданы босатып, нұсқағышты жылжыту керек.
- Лентада (шеңберде) бұрыштық тіректі бекіткен соң бұрыштық тіректің шкаласын жылжыту және оны орында сомын көмегімен бекіту арқылы талап етілетін бұрышты орнату қажет.



Сур. 12
Бұрыштық тіректі орнату

8.10 Түрпілі лентаны ауыстыру

13 суретті қараңыз

- Ажарлау лентасы тозған, жыртылған, не ластанған жағдайда ауыстыруды талап етеді.
- Үстел конструкциясын шешіп алу керек.
- Нұсқағышты шешіп алу керек одан соң қақпақты жоғары жылжытып, шаң дефлекторынан алып тастау қажет.
- Тартқыш иінтіректі бағыттаушы


барабанның бағытында жылжыту арқылы лента тартылысын босату керек.

- Байқау және бағыттаушы барабаннан ескі лентаны алып тастау керек.



Ескертпе

- Лентаның ішкі жағында тілше болуы мүмкін.
- Осы тілше лента жылжу бағытын лентаның желімделген жерінде үзіліп кетуінің алдын алу үшін көрсетіп тұруы керек.



Сур. 13


Лентаны ауыстыру

- Жаңа лентаны байқау және бағыттаушы барабандар арқылы тарту қажет.
- Лентаны барабандардың ортасына орналастыру қажет.
- Қосымша түрпілі ленталар қол жетімді (Ұсынылатын құрал жабдықтарды қараңыз).
- Лентаны тарту үшін байқау барабанының бағытында тартқыш иінтіректі бұру керек.
- Лента жүрісін тексеру қажет. «Лента жүрісін реттеуді» қараңыз.
- Компоненттерді кері ретпен жинау керек.

8.11 Түрпілі шеңберді ауыстыру

14 суретті қараңыз

- Үстелді шешіп алу керек.
- Төрт бұранданы босатып тартып алу арқылы шеңбер қақпағын ашу керек.
- Ескі шеңберді алюминий дискіден шешіп алу керек. Алюминий дискіні шешу міндетті емес.
- Қажет болса, алюминий дискіні тазалау қажет.
- Қажетті түрпілі шеңберді таңдап алып оны алюминий дискіге бекіту қажет.
- Қосымша түрпілі шеңберлер қол жетімді (Құрал жабдықтарды қараңыз)
- Шеңбер қақпағын шешу керек.



Сур. 14

Шеңберді ауыстыру үшін қақпақты шешіп алу

9. Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе!

- Кез келген компонентті ауыстыру мен техникалық қызмет көрсетуден бұрын құрылғының электр желісінен ажырап тұрғанына көз жеткізу керек.

Тазарту

- Станок пен шеберхананы таза ұстау керек. Құралдың беткі қабатында ажарлау шаңының жиналуына жол бермеген жөн. Барабандарды таза ұстау қажет. Барабандардағы кір лентаның дұрыс сырғымауына әкеледі. Шаңсорғышты жүйелі түрде босатып тұрған жөн.
- Электр қозғалтқыш таза әрі жиі шаңсорғыш көмегімен тазартылып тұратынына көз жеткізу керек.
- Пластинадан жасалған қорғаныс құрылғылары, резеңке компоненттері мен сырланған компоненттер үшін сабын мен су пайдаланған жөн.

Майлау

- Қорғаныс тығырықтары бар домалақ мойынтіректер өндіруші зауытында бүкіл қызмет ету мерзіміне майланды. Оларды әрі қарай майлау қажет емес.
- Жұмыс ауыр жүріп жатқандай сезілсе жұмыс үстеліне балауызды жұқадап жақса, ажарлау кезінде жұмысты жеңілдетеді.
- Лента үстелінің үстіне балауыз жағуға тыйым салынады. Лента балауызды дөңгелектерде жинай бастауы мүмкін, осылайша оны сырғанақ қып қоюы мүмкін.

Жөндеу

- Егер күш кабелі жыртылған, тозған, не зақымдалған болса, оны жедел түрде жөндеуге жіберу керек.
- Қажетіне қарай барлық түрпілі компоненттерді ауыстыру қажет.

- Барлық зақымдалғандарды ауыстыру немесе жетпей тұрған компоненттерді орнату керек. Компоненттерге тапсырыс беру үшін бөлшектер тізімін қолданған жөн.
- Қозғалтқышты жөндеуге кез келген тырысушылық егер жөндеуді білікті маман жүргізбесе қауіпті жағдайға әкеліп соғуы мүмкін.

10. Жеткізілетін заттар


- Қажетті заттардың толық тізімін www.jettools.ru сайтынан немесе каталогынан қараңыз.

11. Ақауларды жою

АҚАУ	БОЛЖАНҒАН СЕБЕП	ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ӨРЕКЕТ
Қозғалтқыш іске қосылмайды	Кернеуі төмен	Күш сымындағы талап етілетін кернеудің бар жоғын тексеру
	Қозғалтқыштағы жалғанған жері ажырап кеткен немесе жалғануы тығыз емес	Қозғалтқыштағы барлық сыртқа шығарылған өткізгіштердің босап кетпегенін немесе ажыратылып қалмауын тексеру
	Ақауы бар сөндіру тетігі Ақауы бар конденсатор	Сөндіру тетігін ауыстыру Конденсаторды ауыстыру
Қозғалтқыш іске қосылмайды; сақтандырғыштар сөніп қала береді немесе шынжырдың тұйықталулары жұмыс істеп кетеді	Штепсельді ашада немесе желілік сымдағы қысқа тұйықталу	Штепсельді аша немесе желілік сымның зақымдалған оқшаулану мен тұйықталған сымдардың бар жоғын тексеру
	Қозғалтқыштағы қысқа тұйықталу немесе бос жалғану	Қозғалтқыштағы барлық сыртқа шығарылған өткізгіштердің босап кетпегенін, тұйықталмауын немесе сымдар оқшаулауының тозбауын тексеру
	Күштік сызыққа шынжыр босатқыштары мен сақтандырғыштары дұрыс таңдалмаған	Шынжырлардың тұйықталулары мен тиісті сақтандырғыштарды орнату
Қозғалтқыш толық қуаттала алмайды (қозғалтқыш клеммаларындағы кернеудің төмендеуімен қатар қозғалтқыштың шығыс қуаты жедел төмендейді)	Күштік сызық шамдармен, жабдықтармен және басқа да заттармен жүктелген.	Күштік сызыққа түсетін жүкті азайту
	Жеткіліксіз өлшемдегі сымдар қолданылады немесе шынжыр өте ұзын	Сымдардың өлшемін ұзарту немесе шынжыр өлшемін кішірейту керек
	Электр энергиясын шығарушы компаниялардың өндіруші объектілерінің жалпы жүктемесі	Электр энергиясын өндіретін өндіруші компаниясына кернеуді тексеруді өтіну
Қозғалтқыш қызып кетеді	Қозғалтқыштың жүгі көп	Қозғалтқышқа түсетін жүкті азайту
Қозғалтқыш тістеніп қалуының арқасында сақтандырғыштар сөніп қала береді ал шынжыр босатқыштар тұйықтала береді	Қозғалтқыштағы қысқа тұйықталу немесе жалғаулар босап қалған	Қозғалтқыштағы босап қалған заттағы жалғастыруды, шығыстардың тұйықталуын, оқшаулау тозуын немесе шығыс сымдарын тексеру қажет
	Төменгі кернеу	Сызықтағы төменгі кернеуді жою
	Күштік сызықтағы шынжыр босатулары немесе сақтандырғыштар дұрыс таңдалмаған	Сәйкесінше сақтандырғыштарды немесе шынжыр ажыратқыштарын орнату
	Қозғалтқыштың жүгі көп	Қозғалтқышқа түсетін жүкті азайту
Түрпілі лента үстіңгі дөңгелектен тайып кетеді	Өңделетін элементке тым қатты қысым түсіру	Қысымды азайту керек
Абразивті лента жоғарғы дөңгелектен сырғиды	Дұрыс емес жүріс	«Лента жүрісін реттеу» процедурасын қарау керек

Детализировка JSG-64 для узла шлифовальной ленты — А

Деталювання JSG-64 для вузла шліфувальної стрічки — А
JSG-64 Ажарлау лентасының торабына арналған бөлшектер тізімі -А



Перечень деталей JSG-64 для узла шлифовальной ленты — А

Перелік деталей JSG-64 для вузла шліфувальної стрічки — А
JSG-64 Ажарлау лентасының торабына арналған бөлшектер тізімі -А


№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1	JSG64-A-1	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
2	JSG64-A-2	Вытяжной шуцер	Витяжний шуцер	Тартқыш шуцер		1
3	JSG64-A-3	Болт	Болт	Бұрандама	M4x15	1
4	JSG64-A-4	Болт	Болт	Бұрандама	M5x10	9
5	JSG64-A-5	Шайба	Шайба	Тығырық	5	5
6	JSG64-A-6	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
7	JSG64-A-7	Болт	Болт	Бұрандама	M5x15	2
8	JSG64-A-8	Болт	Болт	Бұрандама	M5x8	1
9-1	JSG64-A-9-1	Защита (А)	Захист (А)	Қорғаныс (А)		1
9-2	JSG64-A-9-2	Защита (В)	Захист (В)	Қорғаныс (В)		1
9-3	JSG64-A-9-3	Штифт	Штифт	Штифт		1
10	JSG64-A-10	Основание	Основа	Негіздеме		1
11	JSG64-A-11	Вал	Вал	Білік		1
12	JSG64-A-12	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
13-1	JSG64-A-13-1	Прокладка	Прокладка	Төсеме		1
13-2	JSG64-A-13-2	Регулировочный болт	Регулювальний болт	Реттегіш бұрандама		1
14	JSG64-A-14	Гайка	Гайка	Сомын	M8	1
15	JSG64-A-15	Кольцо	Кільце	Шығыршық	50	1
16	JSG64-A-16	Кольцо	Кільце	Шығыршық	32	1
17	JSG64-A-17	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6002	1
18	JSG64-A-18	Ползун	Повзун	Жылжыма		1
19	JSG64-A-19	Болт	Болт	Бұрандама	M5x25	1
20	JSG64-A-20	Болт	Болт	Бұрандама	M5x12	8
21	JSG64-A-21	Шкив	Шків	Шкив		1
22	JSG64-A-22	Стопор	Стопор	Бөгеткіш		2
23	JSG64-A-23	Гайка	Гайка	Сомын	M6	1
24	JSG64-A-24	Болт	Болт	Бұрандама	M5x16	1
25	JSG64-A-4	Болт	Болт	Бұрандама	M5x10	1
26	JSG64-A-26	Опорная плита	Підпорна плита	Тірек плитасы		1
27	JSG64-A-27	Указатель	Покажчик	Нұсқағыш		1
28	JSG64-A-28	Шайба	Шайба	Тығырық	5	2
29	JSG64-A-8	Болт	Болт	Бұрандама	M5x8	2
30	JSG64-A-30	Упор	Упор	Тірек		1
31	JSG64-A-4	Шайба	Шайба	Тығырық	6	2
32	JSG64-A-32	Шайба	Шайба	Тығырық	6	4
33	JSG64-A-33	Болт	Болт	Бұрандама	M6x15	2
34	JSG64-A-34	Приводной барабан	Приводний барабан	Жетек барабан		2
35	JSG64-A-35	Болт	Болт	Бұрандама	M8x10	3
36	JSG64-A-36	Шлифовальная лента	Шліфувальна стрічка	Ажарлау лентасы	914x100P=80	1
37	JSG64-A-37	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6000	1
38	JSG64-A-38	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
39-1	JSG64-A-39-1	Натяжной болт	Натяжний болт	Тартқыш бұрандама		1
39-2	JSG64-A-39-2	Держатель	Тримач	Ұстағыш		1
39-3	JSG64-A-39-3	Гайка	Гайка	Сомын		1
39-4	JSG64-A-39-4	Болт	Болт	Бұрандама	M5x6	2
39-5	JSG64-A-39-5	Стопорная муфта	Стопорна муфта	Бөгеткіш муфта		2
39-6	JSG64-A-39-6	Кольцо	Кільце	Шығыршық	11	2
39-7	JSG64-A-39-7	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек		2
39-8	JSG64-A-39-8	Ось	Вісь	Ось		1
39-9	JSG64-A-23	Гайка	Гайка	Сомын	M6	1
39-10	JSG64-A-39-10	Ведомый барабан	Ведений барабан	Көрінетін барабан		1
40	JSG64-A-40	Пружина	Пружина	Серіппе		1
41	JSG64-A-41	Рычаг натяжения	Важіль натягування	Тарту иінтірегі		1
42	JSG64-A-42	Болт-А	Болт – А	А бұрандамасы		1
43	JSG64-A-43	Шайба	Шайба	Тығырық		1
44	JSG64-A-44	Болт-А	Болт – А	А бұрандамасы		1

Деталировка JSG-64

для узла двигателя и шлифовального диска - В

Деталювання JSG-64 для вузла двигуна та шліфувального диску - В

Ажарлау дискісі және қозғалтқышының торабына арналған бөлшектер тізімі - В



Перечень деталей JSG-64

для узла двигателя и шлифовального диска - В


Перелік деталей JSG-64 для вузла двигуна та шліфувального диску - В

Ажарлау дискісі және қозғалтқышының торабына арналған бөлшектер тізімі - В

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1-1	JSG64-B-1-1	Угловой упор	Кутовий упор	Бұрыштық тірек		1
1-2	JSG64-B-1-2	Ручка	Ручка	Тұтқа		1
1-3	JSG64-B-1-3	Указатель	Показчик	Нұсқағыш		1
1-4	JSG64-B-1-4	Направляющая	Напрямна	Бағыттаушы		1
2	JSG64-B-2	Ручка	Ручка	Тұтқа		2
3-1	JSG64-B-3-1	Винт	Гвинт	Бұранда		1
3-2	JSG64-B-3-2	Рукоятка	Рукоятка	Тұтқасап		1
3-3	JSG64-B-3-3	Болт	Болт	Бұрандама		1
4	JSG64-B-4	Шайба	Шайба	Тығырық		1
5	JSG64-B-5	Стол	Стіл	Үстел		1
6	JSG64-B-6	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x12	7
7	JSG64-B-7	Крышка	Кришка	Қақпақ		1
8	JSG64-B-8	Шлифовальный диск	Шліфувальний диск	Ажарлау дискісі		1
9	JSG64-B-9	Алюминиевый диск	Алюмінієвий диск	Алюминий диск		1
10	JSG64-B-10	Указатель	Показчик	Нұсқағыш		1
11	JSG64-B-11	Шайба	Шайба	Тығырық	5	4
12	JSG64-A-28	Шайба	Шайба	Тығырық	5	5
13	JSG64-B-13	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x8	2
14	JSG64-B-14	Защита диска	Захист диску	Дискінің қорғанысы		1
15	JSG64-B-15	Винт	Гвинт	Бұранда	M8x10	2
16	JSG64-A-3	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x15	2
17	JSG64-B-17	Шайба	Шайба	Тығырық	4	4
18	JSG64-B-18	Шайба	Шайба	Тығырық	4	2
19	JSG64-B-19	Гайка	Гайка	Сомын	M4	2
20	JSG64-B-20	Корпус переключателя	Корпус перемикача	Сөндіру тетігінің корпусы		1
21	JSG64-B-21	Уплотнитель	Ущільнювач	Тығыздауыш		1
22	JSG64-B-22	Шуруп	Шуруп	Бұрама шеге	ST3.9x16	3
23	JSG64-B-23	Переключатель	Перемикач	Сөндіру тетігі		1
24	JSG64-B-24	Шкив	Шків	Шкив		1
25	JSG64-B-25	Сетевой кабель	Мережевий кабель	Желілік кабель		1
26	JSG64-B-26	Втулка	Втулка	Төлке		1
27	JSG64-B-27	Зажим кабеля	Захист кабелю	Кабельдің қысқышы		2
28	JSG64-A-4	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x10	4
29	JSG64-B-28	Корпус	Корпус	Корпус		1
30	JSG64-B-30	Болт	Болт	Бұрандама		1
31	JSG64-B-31	Прокладка	Прокладка	Төсеме		1
32	JSG64-B-17	Штифт	Штифт	Штифт	φ2.5x14	1
33	JSG64-B-33	Ножка - А	Ніжка-А	Аяқша А		2
34	JSG64-B-34	Ножка - В	Ніжка-В	Аяқша В		2
35-1	JSG64-B-35-1	Патрубок -А	Патрубок-А	Келте құбыр А		1
35-2	JSG64-B-35-2	Патрубок -В	Патрубок-В	Келте құбыр В		1
36	JSG64-B-36	Лоток	Лоток	Науаша		1
37	JSG64-B-17	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x10	6
38	JSG64-B-38	Шайба	Шайба	Тығырық		6
39	JSG64-B-39	Нижний кожух	Нижній кожух	Төменгі қап		1
40	JSG64-B-40	Клиновой ремень	Клиновий ремень	Сына белбеу	Z-762	1
41	JSG64-B-41	Шкив	Шків	Шкив		1
42	JSG64-B-42	Гайка	Гайка	Сомын		1
43	JSG64-B-43	Двигатель	Двигун	Қозғалтқыш		1
44	JSG64-B-44	Болт	Болт	Бұрандама	M10x25	2
45	JSG64-B-45	Шайба	Шайба	Тығырық	10	2
46	JSG64-B-46	Гайка	Гайка	Сомын	M10	2
47	JSG64-B-47	Конденсатор	Конденсатор	Конденсатор		1
48	JSG64-B-48	Скоба	Скоба	Қапсырма		4
49	JSG64-B-49	Шуруп	Шуруп	Бұрама шеге	ST2.2x8	4
50	JSG64-B-50	Ключ	Ключ	Кілт		1
51	JSG64-B-51	Шайба	Шайба	Тығырық	6	4
52	JSG64-B-52	Винт	Гвинт	Бұранда	M6x16	4
53	JSG64-B-53	Болт	Болт	Бұрандама	M6x16	4
54	JSG64-B-54	Ключ	Ключ	Кілт	3mm	1
55	JSG64-B-55	Ключ	Ключ	Кілт	5mm	1

Электросхема JSG-64

Электросхема JSG-64 / JSG-64 Электр сызба
10000890M~220В, 50 Гц



	Цвета проводов	Кольори дротів	Сымдардың түстері
BK	Черный	Чорний	Қара
WH	Белый	Білий	Ақ
BU	Голубой	Блакитний	Көгілдір
YE	Желтый	Жовтий	Сары
RD	Красный	Червоний	Қызыл
BN	Коричневый	Коричневий	Қоңыр
GY	Серый	Сірий	Сұр
GNYE	Желто-зеленый	Жовто-зелений	Сарғыш жасыл
OG	Оранжевый	Помаранчевий	Сарғыш
VT	Фиолетовый	Фиолетовий	Күлгін

	Значение символа	Значення символу	Белгі мағынасы
M	Двигатель	Двигун	Қозғалтқыш
C	Конденсатор	Конденсатор	Конденсатор
S	Переключатель	Перемикач	Сөндіру тетігі
X	Штепсель	Штепсель	Штепсель



JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland
www.jettools.com

ОФИЦИАЛЬНЫЙ ДИЛЕР В УКРАИНЕ:

storgom.ua

ГРАФИК РАБОТЫ:

Пн. – Пт.: с 8:30 по 18:30

Сб.: с 09:00 по 16:00

Вс.: с 10:00 по 16:00

КОНТАКТЫ:

+38 (044) 360-46-77

+38 (066) 77-395-77

+38 (097) 77-236-77

+38 (093) 360-46-77

Детальное описание товара:

<https://storgom.ua/product/tarelchato-lentochnyi-shlifovalnyi-stand-jet-jsg-64.html>

Другие товары: <https://storgom.ua/tarelchato-lentochnye-shlifovalnye-stanki.html>